

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
БАЛҚАШ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЯС-ЛИ-САД «АЙГӨЛЕК»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА БАЛХАШ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

2023 желтоқсан 08 күні

Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ 9

г. Балқаш

Сыбайлас жемқорлықтың
алдын алу жөніндегі
шаралар туралы

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мен білім беру ұйымдарында ішкі тәртіптік қағидаларының бұзушылығын болдырмау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

- 1) жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал-жабдық сатып алу, нысандарды тазалау, тәрбиеленушілер құрамына сыйлықтар, аттестациялар, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы басқа да мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға үзілді- кесілді тыйым салынсын;
- 2) білім беру ұйымдарында:
 - кітап сатуға, көңіл көтеретін мерекелерге билет сатуға;
 - концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет көрсетуіне ақша жинауға;
 - мерекелік күндерді тәрбиеленушілерден қаражат жинауға;
 - мерекелік күндерге білім беру ұйымдарын безендіру үшін ақша жинауға;
 - тамақтандыру ұйымдарымен, байланыс операторларымен және т.б. коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға;
 - жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымның өнімдерін өндіруге;
 - білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға тәрбиеленушілердің қатысуы үшін төлем ақы жинауға жол бермеу үшін ықпалды шара қолдансын;

- 3) тәрбиелеу жұмысын орындау аясында білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілерінің мәдени-көпшілік шараларға қатысуы үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және білім беру ұйымдарды қызметкерлерінің қатысуысыз өткізілсін (театрларға, көрмелерге, мұражайларға қатысу);
- 4) оқу орнының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында тусіндіру жұмыстары жүргізілсін;
- 5) ата-аналардан заңсыз ақша жинаған, тәрбиешілерге тиісті шаралар қабылдансын;

«Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК директор

Г.Т. Ибышева